

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«Алматы облысының білім басқармасы» ММ
«Талдықорған агро-техникалық колледжі» МКҚК



«БЕКІТЕМІН»
Комплаенс-офицер
[Signature] — А.Н.Отарқожа
« 01 » 04 2022 ж.

КОМПЛАЕНС-ОФИЦЕРДІҢ 2022 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Талдықорған қаласы, 2022 жыл

КОМПЛАЕНС-ОФИЦЕРДІҢ 2022 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

№	Іс-шара атауы	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру				
1.	Нормативтік құқықтық актілерді және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын зерделеу.	Хаттама	Тұрақты	Комплаенс-офицер
2.	Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі өкілдерінің қатысуымен ұйым қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлық фактілерінің алдын алу және жолын кесу мәселелері бойынша семинарлар мен сұхбаттар өткізу.	Семинарлар	Тоқсан сайын	Комплаенс-офицер
3.	Колледж білім алушылары мен қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес мәселелері бойынша кең ауқымды ақпараттық-түсіндіру жұмысын ұйымдастыру (баннерлер, парақшалар, брошюралар).	Бейнероликтер жасақтау, колледж сайтында орналастыру	Жыл ішінде тұрақты	Комплаенс-офицер
4.	Азаматтардың сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілігін қалыптастыруға бағытталған мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізгі бағыттарын түсіндіру бойынша деректі фильмдерді, әлеуметтік аудио-, бейнероликтерді трансляциялауды қамтамасыз ету.	Деректі, көркем фильмдерді, аудиотыңдалымдар мен бейнероликтерді трансляциялау	Жыл ішінде тұрақты	Комплаенс-офицер
5.	Колледж сайтында «Комплаенс-қызмет» бөлімін құру.	Сайтта бөлім, сайттан ақпарат	31.03.2022ж. дейін	Комплаенс-офицер
6.	Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру мақсатында колледж білім алушыларына	Хаттама	Ай сайын	Комплаенс-офицер Директордың

ақпараттық түсіндіру тәрбие шараларын ұйымдастыру			тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
7. Білім алушылар мен колледж қызметкерлерінің пара, сыйлықтар алуының және беруін жолын кесу.	Ақпарат	Тұрақты	Комплаенс-офицер Колледж қызметкерлері Білім алушылар
8. Жаңа қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы колледж стандартымен және ережесімен таныстыру	Хаттама	Тұрақты	Комплаенс-офицер Кадр менгерушісі
9. Колледжде мемлекеттік қызмет көрсету стандарты мен регламентінің сақталуын бақылау:	Тиісті іс-шаралар өткізу	Жүйелі түрде	Комплаенс-офицер
10. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінің жүргізілуін бақылау: кадрларды жұмысқа алу талаптарының сақталуын, кадрлардың ауысуын, жеке іс-қағаздарының рәсімделуі	Тиісті іс-шаралар өткізу	Жүйелі түрде	Комплаенс-офицер
11. Колледждегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды ұйымдастыру	Хаттама	Жыл ішінде тұрақты	Комплаенс-офицер
12. Қызметкерлерден, білім алушылардан мен азаматтар тарапынан шағымдар мен өтініштерді (сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылық фактілері) туралы хабарламаларды қарастыра отырып, уақтылы қарап (жазбаша, ауызша өтініштер, сәнім телефон, сәнім жәшігінен) есепке алу бойынша журнал жүргізу және журналға тіркеу.	Ақпарат, өтініштерді тіркеу журналы	Жүгінуіне қарай және «Осы жерде және қазір» қағидаты бойынша жыл ішінде үнемі	Комплаенс-офицер
13. «Колледж студенттері мен оқытушылардың сыбайлас жемқорлық көріністеріне қатынасы» әлеуметтік сауалнамасы (анонимді сауалнама)	Сауалнама жөнінде ақпарат	Жылына екі рет	Комплаенс-офицер

	Оқу-тәрбие үрдісінде жемқорлық жағдайларын болдырмаудың алдын-алу мақсатында «Таза сессия» акциясын ұйымдастыру	Ақпарат	Білім алушыларды аттестаттау кезінде	Комплаенс-офицер Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
15.	<p>Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу мақсатында:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Әкімшілік; - Әкімшілік шаруашылық қызметі; - Оқу ісі және әдістемелік қызметі; - Оқу және тәрбие жұмысы; - Өндірістік оқыту; - Кәсіптік оқыту; - Ақпараттық жүйелер; - Есеп бөлімі; - Жастар үйі; - Асхана жұмысы бойынша мониторинг жүргізу 	Тіісті іс-шаралар өткізу	Жүйелі түрде	Комплаенс-офицер Директор
16.	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу мақсатында Колледжге оқуға кандидатуралар құжаттарын өткізген кезде және кандидатураларға іріктеу әңгімелесуін өткізу уақытында қабылдау комиссиясының қызметіне мониторинг жүргізу	Тіісті іс-шаралар өткізу	Жүйелі түрде	Комплаенс-офицер
17.	Колледждің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартының талаптарын сақтауын мониторинг жүргізу	Тіісті іс-шаралар өткізу	Жүйелі түрде	Комплаенс-офицер
18.	Қамқоршылық кеңес мүшелеріне атқарылған жұмыс бойынша есеп беру	Тіісті іс-шаралар өткізу	Жыл соңында	Комплаенс-офицер



**Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының
2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан
Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу
туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802
Жарлығы

Қазақстан Республикасының
Президенті мен Үкіметі
актілерінің жинағында
жариялануға тиіс

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 13 қыркүйектегі № 659 Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі "Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 88-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама);

2) Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

2. Тұжырымдаманы іске асыруға жауапты орталық және жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар, сондай-ақ мүдделі ұйымдар (келісім бойынша):

1) Тұжырымдаманы іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын;

2) Мемлекеттік жоспарлау жүйесінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Тұжырымдаманың орындалу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп танылсын.

4. Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) осы Жарлықтан туындайтын шараларды қабылдасын.

5. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.



Республикалық оқыту және
біліктілікті арттыру орталығы


Республиканский центр подготовки
и повышения квалификации

СЕРТИФИКАТ

ГККП «Талдықорганский агро-технический колледж»

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
және сыбайлас жемқорлыққа қарсы
комплаенс институтын ұйымдастыру
бойынша оқыту жүргізілді

проведено обучение противодействию
коррупции и организации института
антикоррупционного комплаенса



Комиссия төрағасы
Председатель комиссии Кенжалиев К.К.
(ф.и.о.)

20 21 жыл 20 желтоқсан
20 декабря 20 21 года

Тіркеу № 000782
рег. № 000782